

84.9.24
Ж 44



ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

СЕЙІТ АСҚАРУҒЫ ҚАСҚАБАСОВ



A. Saeg

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ— МҮШЕСІ
С. А. ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ
ПЕДАГОГТЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Тарихи оқиғаларға толы ХХ ғасыр қазақ халқын күрм қиын сын тезіне салды. Бұл жүзжылдық ішіндегі сырттан қолдан ұйымдастырылған саяси сипаты бар науқандар зиялылығының өрісін тарылтуға бағытталды. Бірақ ел оқығдары бар ынта-жігерімен халық мүддесін қорғап бақ Білімділік пен ізденіс өрісті кеңейтті және сапалық өзгерісте қол жеткізді. Аталған ғасырда мұндай сапалық өзгеріс 10 жылдары және 60-жылдары болғаны мәлім. Ғылыми әдеби пен қоғамдық пікірде “алпыстың айбарлы адымы” ғылым саясатқа олжа салғаны жөнінде жеткілікті дәрежеде зерленді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академияның корреспондент мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасов – осы “алпысыншы жылғылардың көрнекті өкілі. Бұл буынға тағдыр мен тарих отандық ғылым білімді жаңа деңгейге көтеру, қателіктерді жою, болдырма алдын алу, саясатты ел мүддесіне орайластыру, адамзат құндылықтарын игілікке жарату, ғаламдық ойлау сатысына ілгерілер өркениеттер үйлесімін сақтау міндетін жүктеді. Ғалым С.А.Қасқабасов осы міндетті орындады, орындап келе орындап жүр деуге толық негіз бар. Бұған Сейіт Асқарұлының күллі шығармашылығы, әр саладағы бастамашыл қолметі куә.

Ең бастысы 1991 жылы қол жеткізген Тәуелсіздігіміз “алпысыншы жылғылардың” да маңдай тері, қолтаңбасы б

Олардың жазған еңбектері, атқарған ісі – мұның айқын дәлелі.

Сейіт Асқарұлы Қасқабасов 1940 жылы 24 маусымда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында дүниеге келді. Бұл – екінші дүниежүзілік соғыс басталып, адамзатқа фашизмнің қаупі төнген кез еді. Әкесі Асқар шаруашылық басқарып жүргендіктен, 1941 жылы басталған соғысқа бармай елде қалу мүмкіндігі болса да, өзі сұранып майданға аттанды. Өкінішке қарай, ол сол соғыста шәйіт болды.

Қайсар ана - Әужан Әбдікерімқызы Сейітті қиын кезеңнің шеңгеліне ілдірмеді. Шеше орнына – шеше, өке орнына - өке болды.

С.Асқарұлы 1947 – 1950 жылдары Семей қаласындағы N 5 мектепте оқыды. Ал 1951 – 1954 жылдары білімін Алматы облысы Қаскелең ауданының Чапаев колхозындағы N 89 мектепте жалғастырды. Қаскелең - Сейіт Асқарұлының нағашы жұрты еді. Көкірек көзі ояу, танымы терең, зердесі мықты нағашы атасы Әбдікерім Кемпірұлы мен нағашы әжесі Жарқынай Құлынбайқызы Сейіттің елтанудағы, мұратанудағы, тіпті фольклордың әліппесін үйренудегі алғашқы ұстаздары еді. Ол кісілер жиен–немересіне кеудесіндегі небір көмбені ашып, ықтиятпен түсіндіруге ерінбепті. Құймақұлақ бала Сейіт те атасы мен әжесінің аузынан шыққан асыл сөздерді зердесіне тоқи беріпті.

50 – жылдары ұжымдасқан ауылдың қаймағы бұзылмаған кезеңде, буыны қатпаған баланы қалаға жіберу – төуекелге пара–пар іс болса, немересінің талабын көріп, болашағына сенген Әбдікерім ақсақал батасын беріп, ел ордасы Алматыға жіберіпті.

1954 – 1957 жылдары С.Асқарұлы Алматыдағы жалғыз ғана қазақ мектебі – N 12 Киров атындағы орта мектепте оқыды. Бұл жас Сейіттің жеке шығып өмірмен бетпе-бет

ұшырасқан, білім мен даралыққа қажет тәжірибе жинақтаған кезеңі болатын.

Орта мектепті бітірген соң Сейіт Асқарұлы бірер жыл қалаға қош айтып, ауылға келді. Әркім өз дәуірінің перзенті емес пе, кеңес тұсында еңбек жолын қара жұмыстан бастау – шынында шыңдалу мектебі еді.

Ауылдағы екі жыл (1957-1959) текке өтпеді. Сейіт Асқарұлы келешек мамандығын таңдап, қолы бос кезінде әжептәуір қоры бар ауыл кітапханасының тұрақты оқырманы болды. Бұдан қалды бала күнде естіген атасы мен әжесінің өңгімелерін қазбалап сұрап, сан қырынан санасында қайта жаңғыртты. Ел әдебиетінен ақпар беруші көнекөз қариялардың Сейіт қойындөптеріндегі есімі толыға түсті.

1959 жыл. Бұл – С.Асқарұлы ғұмырындағы айтулы жылдардың бірі. Мамандық таңдау бар да, оны нақтылау, яғни белгілі бір оқу орнына түсу бар. С.А.Қасқабасов байырғы оқу орны, қарашаңырақ саналатын Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих-филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті бөлімін таңдады.

Тарих-филология факультеті - Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, М.Сильченко, Н.Смирнова, Х.Әділгереев сынды көшбасы ғалымдары бар, қазақ, орыс тілі мен әдебиетін және тарихты тереңдете оқытатын факультет болатын.

Студент С.Қасқабасов бірінші курстан-ақ ғылыми жұмысқа белсене араласты. Бұл кез Сөкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин ақталып, шығармалары жарияланып, әйгілі 1959 жылғы әдебиетке арналған конференция әдеби ортаны дүрліктіріп жатқан шақ болатын. Сонымен бірге осы уақытта фольклорды таптық тұрғыдан қарастырудың біржақтылығы сыналған. Осы жағдайлар көзі ашық жастарға көп қозғау болды. С.Қасқабасов ҚазПИ-де, ҚазМУ-да, Қырғыз университетінде өткен студенттердің ғылыми конференцияларында фольклор саласы бойынша баяндама жа-

сады. Фрунзе қаласында (Бішкек) ғылыми жұмысы арнайы дипломмен марапатталды.

Ғылым – студент С.Асқарұлының жүрек қалауы еді. Ол Талдықорған, Алматы, Жамбыл облыстарына жасалған студенттердің фольклорлық экспедициясына қатынасып, оның материалын жүйеледі. Үлкен дискілі зілдей магнитофонды көтеріп, ауыл-ауылды аралап, қариялар аузынан жиған сөздері кейін ғылым игілігіне айналды.

С.А.Қасқабасовтың алғашқы ғылыми мақаласы V курс оқып жүрген кезінде шықты. “Шалқарбай Данылбаев” атты мақаласы (Е.Тұрсыновпен бірігіп жазған) 1964 жылы ғылым Академиясы өзірлеген “Қазақ филологиясының мәселелері” жинағында жарияланды.

Институтты үздік бітірген соң, 1964-1967 жылдары С.А.Қасқабасов Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы өдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқыды.

Ғылым Академиясы С.Асқарұлының ғалымдық тынысын кеңейтті. Жас ғалым республикалық мерзімді басылымдарда көріне бастады. Айталық, 1968 жылы жарық көрген “История казахской литературы” атты ұжымдық монографияның I томында жарық көрген Е.Тұрсынов екеуінің “XVIII ғасырдағы тарихи жырлар”, “XIX ғасырдағы тарихи жырлар” атты еңбектері ғылымға қайратты, білімді жас фольклористердің келгендігін көрсетті.

С.А.Қасқабасов 1969 жылы Ғылым Академиясында “Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері” атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбегі 1972 жылы “Ғылым” баспасынан “Казахская волшебная сказка” деген атпен кітап болып жарық көрді.

Аталған монографиясында ғалым қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің түрі мен тегін, ерекшелігін, ертегінің даму дәстүрі контекстіндегі орнын, бейнелер жүйесін, поэтикасын жан-жақты қарастырады.

Ғалымның пайымдауынша, қиял-ғажайып ертегілер - қазақ ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Оның шығу мезгілі — алғашқы қауымдық қоғам дәуірі. Сондықтан ертегінің бұл түрінде адамзаттың ертедегі өмірінің көп белгісі сақталған. Айталық, матриархат заманына тән аналық ру мен көптеген өдет-ғұрып көрінісі (дуальдық ұйым, аналық мекен, аналық неке, куада, авункулат, т.б.), ерте заманғы анимизм, тотемизм, магия тәрізді діни наным-сенімдер. Көне дәуірдің бұл көріністерін кейінгі заманда халық тек қиял ғана деп түсінген.

С.А.Қасқабасов қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық әр түрлілігін, оның сюжеті мен поэтикасына, құрылысына тигізген батырлық жырлардың әсерін жүйелі саралаған. Сондай-ақ аталған жанрдағы ертегінің эстетикалық мұраты — халық идеялы екенін дәлелдеген. Кейіпкерлер жүйесі туралы айта келіп ғалым: “Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер, яғни идеал — тарихи құбылыс”, — дейді.

“Казахская волшебная сказка” зерттеуінің және бір құнды жағы автордың арнайы қорларда ғана сақталған сирек кездесетін жазбалар мен кітап, еңбектерді молынан пайдалануы дер едік. Сондай-ақ жұмыс мақсатына сай этнографиялық материалдарды пайдалануы монографияның ғылыми әлеуетін көрсетсе керек.

Алғашқы ғылыми дәрежесін алғаннан соң, 1968-1970 жылдары С.А.Қасқабасов Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер болып қызмет жасады. 30-ға толмаған жас ғалым ғылыми сараптауларға, фольклортану бөлімі жұмысына белсене араласты. Фольклор мен қазіргі кезең байланысы проблемасына арнап баспасөзде бірнеше көкейкесті мақала жариялады.

Жас та болса әлеуетті ғалымның ұйымдастырушылық қабілеті, жауапкершілігі, қалам қарымы, қазақ және орыс тілдерін жетік білетіндігі Ғылым Академиясы басшылығын

төңті етті. 1970 жылы С.А.Қасқабасов ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшылығы қызметіне шақырылды. Бұл кезде аталған бөлімшені академик, тілші-ғалым Ісмет Кеңесбаев мырза басқарған еді. Тіл білімі ғылымының көшбасында жүрген тәжірибелі ғалым жас қызметкердің ақылшы ұстазына айналды.

Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды зерттеумен шұғылданатын Ғылым Академиясы институттары жұмысын үйлестіру, ғылыми-зерттеу бағыттарының басымдылығын анықтау, жетістіктеріне сараптау жүргізу, өлеуетті ғалымдар мен еңбектерді анықтау, елеулілерді Төралқа назарына іліктіру, шалағайларды тоқтату, қаржы ысырапшылдығына жол бермеу – міне, осы жұмыстардың жуан ортасында ғалым-хатшы Сейіт Қасқабасов жүрді. С.Асқарұлы принципшілдігі, сауаттылығы енді Академия көлемінде сөз бола бастады.

Жауапкершілігі мол адамның арқалар жүгі азаймайтыны мәлім. Ғалым-хатшы С.Қасқабасовқа алғаш “Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы”, сонан соң “Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология және өнертану сериясы” журналдарының жауапты хатшысы болу жүктелді. Зиялылар арасында айтылатын “Қасқабасов дегенде - Қасқабасов, Бере ме жазғаныңды тасқа басып?..” деп басталатын өлең сөз осы кезде шығарылса керек. Бүгінгі фольклордың бұл үзігінің астарынан Сейіт Асқарұлының өрбір материалға, өрбір сөзге жауапты қарағаны аңғарылады.

70-жылдары С.А.Қасқабасов Е.Костюхин, Н.Смирнова, Е.Тұрсыновтармен бірігіп Г.Н.Потанин жинаған қазақ фольклоры үлгілерін академиялық еңбек етіп өзірлеп, жариялауға қатынасты. Мәскеу, Минск, Алматы қалаларында өткен фольклортану, түркітану конференцияларында көкейкесті баяндамалар жасады. Ғалым есімі 1972 жылы шыққан алғашқы монографиясымен-ақ Одаққа мәшһүр болды. КСРО Ғылым Академиясының Төралқасы С.Қасқабасов еңбегін Одақтың

Академия жүйесіндегі үздік бес кітаптың бірі деп тапты. Бұл - ғалымның ғана емес, қазақ ғылымының олжасы еді.

С.А.Қасқабасов 1979 жылы М.О.Әуезов атындағы өдебиет және өнер институтының фольклортану бөліміне аға ғылыми қызметкер болып қайта ауысты. 1981 жылға дейін біраз уақыт институт басшылығының өтінішімен ғалым-хатшы қызметін де атқарды. Осы жылдары бірнеше фольклортанушылармен бірігіп “Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері” атты академиялық ғылыми басылым өзірлеуге қатынасты, Ташкент, Кишинев қалаларында өткен фольклортану конференцияларында маңызды баяндама жасады.

1981-1982 жылдары С.Асқарұлы КСРО Ғылым Академиясы Төралқасының қаулысымен М.Горький атындағы өлем әдебиеті институтында аға ғылыми қызметкер ретінде іссапарда болып қайтты. Аталған институт ғалымдарына қазақ және түрік әдебиеті мен фольклоры бойынша қажетті кеңес берді. “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” және “Қыз Жібек” жырларын орысша тәржімелеу мен ғылыми түсініктерін өзірлеуге жәрдемдесті.

1983 жылдан 1988 жылға дейін ҒА Әдебиет және өнер институтында аға, жетекші қызметкер, жамбылтану бөлімінің менгерушісі қызметін жасады.

С.Асқарұлының 80-жылдардағы ғылыми еңбегінің үлкен белесі – ана тілінде жазған “Қазақтың халық прозасы” атты монографиясы (1984, “Ғылым”).

Ғалым бұл кітабында фольклор жанрларының теориясына сәйкес анықталған халық прозасын тұңғыш рет бір жүйемен зерттеп шығып, жанрлық құрамын ашқан, әрбір ішкі жанрдың шығу, даму процестерін зерделеген, халық прозасының өмір шындығына қатысын және поэтикасын саралаған.

Зерттеуші тарихи-салыстырмалы әдісті пайдалана отырып, қазақ халық прозасының типологиясын бажайлап, өзіндік ерекшелігін анықтаған. Халық прозасын негізінен генезистік және тарихи даму тұрғысынан қарастырған. Ав-

тор халық прозасын аңыздық және ертегілік деп екі топқа жіктеп алып, олардың даралық қасиетіне тереңінен бойлайды.

“Қазақтың халық прозасы” жарық көрісімен-ақ әдебиеттанушылар мен фольклортанушылар тарапынан жоғары баға алды. Бұл кітап тіпті шет елдерге де жетіп, мысалы, АҚШ-та оған пікір білдірілді. С.А.Қасқабасов осы еңбегі үшін ҒА Төралқасы шешімімен Ш.Уәлиханов сыйлығымен марапатталды.

1988 жылы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының көптен өзірлеп жүрген “Қазақ фольклористикасының тарихы (революцияға дейінгі кезең)” атты ұжымдық монографиясы жарық көрді. Бұл - қазақ фольклортануының төңкеріске дейінгі екі ғасырдан астам уақытын қамтитын күрделі еңбек болып шықты. С.А.Қасқабасов осы зерттеудің “ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы”, “Абай Құнанбаев”, “Г.Н.Потанин” атты тарау-бөлімдерін жазды. Осы еңбектерінде де С.Қасқабасов ғалымдық қабілет-қарымын көрсетті.

Сексенінші жылдары ғалым әдебиет пен фольклор байланысы туралы Якутскіде (1984), жұмысшы фольклоры жөнінде Свердловскіде (1984), фольклорлық текстология жайында Ашхабадта (1985), фольклордағы ұлттық киім хақында Алматыда (1984), тарихи өпсаналар туралы Фрунзеде (1988) баяндама жасап, ғылыми қауымға тың ой тастады.

1986 жылы “Өнер” баспасынан С.А.Қасқабасовтың “Родники искусства” атты кітабы жарық көрді. Мұнда халық ауыз әдебиеті өнер құбылысы ретінде зерттелінеді. Ғалым фольклор үлгілерінің театр негізін құраған сипаттарын қарастырады. Автордың фольклор және әдебиет, фольклор және театр, фольклор және кәсіби музыка, фольклор және кино, фольклор және сурет өнері байланысының басты қырларын көрсетуі – бұл мәселенің салаланып зерттелуін қалаған ниеті деп қабылдаймыз.

1987 жылы Сейіт Асқарұлы “Қазақша-орысша сөздікті” қайта толықтырып бастыртуға көмектесті. Тілші-ғалым С.Исаев екеуі бірігіп “Сөздікке қосымшаны” жазды.

1988 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті С.А.Қасқабасовты Идеология бөлімінің кеңесшісі қызметіне шақырды. Бұл қоғамдық-саяси өмірде демократиялық сипат өрістей бастаған шақ еді. Оның үстіне 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына жаңаша баға беріле бастаған-ды. Орталық Комитет Сейіт Асқарұлынан осынау сараптама оқиғалардың жуан ортасында жүріп, халыққа жақын кеңес беруді сұрады. Әсіресе, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушыларды ақтауда білгір әдебиетшінің орны ерекше болатын. Осы ретте С.А.Қасқабасов белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері Ө.Жөнібеков (марқұм), М.Жолдасбековтермен бірлесіп, зиялыларды ақтау жөнінде тарихи маңызы бар талай құжат өзірледі. Осындай еңбектің арқасында Шөкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов шығармалары халқымен қайта қауышты.

1989 жылы ғалым Мәскеу Мемлекеттік университетінде “Қазақтың ертегіден тыс проза жанрлары” атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1990 жылы С.Асқарұлының “Казахская сказочная проза” атты монографиясы жарық көрді. Бұл еңбегінде ғалым көп уақыт ертегі санатына жатқызылып келген, алайда қазақ халық прозасының ішкі заңдылықтарына сәйкес бөлінетін ертегіден тыс жанрларды, дәлірек айтсақ, миф, хикая, аңыз, әпсана—хикаяттарды жеке жанр деп тауып, солардың табиғатын жан-жақты зерттейді, ғылыми тұжырымдар жасайды. Монографияда ертегіден тыс проза тұңғыш рет бір жүйеде зерттеліп, құрылымы, поэтикасы, көркемдік сипаты анықталады.

Аталған зерттеуі үшін С.А.Қасқабасов 1992 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алды.

1990 жылы Бакуде рухани тоқайласу мәселесіне арналған “Әзірбайжан-қазақ әдеби байланыстары” атты ұжымдық монография жарық көрді. Осы еңбекте С.Қасқабасовтың “Қазақ топырағындағы “Қорқыт ата” атты зерттеуі жарияланды.

80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында С.А.Қасқабасов мемлекеттік маңызды істерімен қайраткер ретінде көзге түсті.

1990-1991 жылдары Орталық Комитеттің Әлеуметтану Орталығының жетекшісі қызметінде жүріп республиканың әлауқатын, рухани деңгейін көтеру бағытында біраз шараларға мұрындық болды. Елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі көкейкесті мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіп, шынайы ахуалды үкімет басшылығына жеткізіп отырды. 1930-40 және 50-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия жұмысына қатынасты. Алғаш Одақтық, кейіннен ТМД Әлеуметтанушыларының түрлі дәрежедегі жиынына қатынасып, аймақтық, әлемдік және ғаламдық маңызы бар мәселелер жөніндегі ойын ортаға салды. С.А.Қасқабасовтың мемлекеттік-қоғамдық қызметі жоғарыдағылармен ғана шектелмеді. Ол әдебиет, өнер және архитектура саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар тағайындау жөніндегі Комитеттің, Республикалық ономастика Комиссиясының мүшесі ретінде бірқыдыру маңызды шараларға ұйытқы болды.

1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты мәдениет секторының меңгерушісі, білім, спорт, туризм және жастар ісі бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. Осы қызметінде ол Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің инаугурация салтанатын ұйымдастыру, өткізу шараларына қатысты. Мемлекет рәміздері (герб, гимн, жалау) жөніндегі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Комиссиясының жұмысына белсене атсалысты.

1992 жылы “Өнер” баспасынан ғалымның “Қолыбызды искусство” атты көлемді зерттеу кітабы жарық көрді. Мұнда қазақ ертегілерінің эстетикасы, халықтың фольклорлық театры, эпикалық жырлау өнері, фольклордағы тарихи шындық, дүние туралы қазақтардың мифологиялық түсінігі секілді күрделі проблемалар ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С.А.Қасқабасовтың мемлекеттік дәрежедегі ұйымдастырушылық қабілеті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясын (ЖАК) ұйымдастырып, құруы кезінде де көрінді. 1991 жылы ол ЖАК-тың тұңғыш төрағасы болып тағайындалды. Бұл қызметінде С.А.Қасқабасов “Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғарғы Аттестациялық Кеңес туралы Ережені” жасап, үкіметке ұсынды. ЖАК-тың Төралқа, сараптау кеңестері, құрылымдық бөлімшелерін құрып, ғылыми кадрларды сапаландыру жөнінде нақты нәтижелерге қол жеткізді. ТМД елдері ЖАК төрағаларының кеңесін өткізіп, Мемлекеттік аттестация органдарының Халықаралық Ассоциациясын (МАГАТ) құруға ұйытқы болды. МАГАТ Төрағасы болып сайланды. Петербург, Мәскеу, Киевте МАГАТ кеңестерін өткізді. Сөйтіп, Қазақстан ғылымы мен ғалымдарының өрісін кеңейту бойынша маңызды жұмыстар жасады.

1994 жылы С.Қасқабасов шәкірті К.Матыжановпен бірге “Ел қазынасы – ескі сөз” деген атпен қазақ тілінде В.Радловтың академиялық жинағын жарыққа шығарды. Ғылыми түсініктерімен шыққан бұл жинақ мұратануға үлес болып қосылды.

1994-1997 жылдар аралығында С.А.Қасқабасов Ұлттық Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, Қолжазба және мәтінтану Орталығының жетекшісі қызметтерін атқарды. 1995 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі

болып сайланды. Әдебиет және өнер институтында қолжазбалардың электронды каталогын топтастырудың бағдарламасын жасап, оны іске асырды. 1995 жылы “Абай және фольклор” атты зерттеуі жарық көрді. Келесі жылы профессор ғылыми атағын алды.

Ғалым Сейіт Асқарұлы Жамбылдың туғанына 150 толуына арналған мемлекеттік мәдени шараларға белсене араласты. Орыс тілінде ақынның I томдық “Таңдамалысын” алғысөз және ғылыми түсініктерімен шығарды. Жамбыл мерейтойын Ресей жерінде өткізуге қатынасты.

Бұл жылдары шет елдермен әдеби-мәдени байланыстар жасау шараларынан да ғалым шет қалмады. Түркі әдебиеті тарихын жасау туралы Анкарада (1995), қазақ - Шығыс әдеби байланысы жөнінде Исламабадта (1996) сөз сөйледі. Қазақстан – Германия бірлескен конференциясында (Алматы, 1996) “Қазақ мифі және әлемдік мифология” атты тақырыпта баяндама жасады. Түркияда “Қазақтың фольклорлық театры”, “Өліммен күрескен адам” атты зерттеулері жарық көрді.

Қазақстанның астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілгеннен кейін жаңа орталыққа әлеуеті мол, тәжірибелі ғалымдар қажет болды. Білім министрлігінің шешімімен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті жанынан “Еуразия” ғылыми-зерттеу орталығы (ҒЗО) құрылғанда, университет басшылығы 1997 жылы осыған жетекші болуға С.А.Қасқабасов мырзаны шақырды. Бастамашыл және үлкен ұйымдастырғыш С.Асқарұлы шақыруға келісімін беріп, Қазақстанда тұңғыш құрылған “Еуразия” ҒЗО-ына басшы болып келді.

Қазіргі күні С.А.Қасқабасов – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде “Еуразия” ҒЗО-ның жетекшісі, Шығыстану факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры.